

Банктік шотты ашу үшін қажетті құжаттар тізбесі

Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғалар	
1.	Банктің уәкілетті тұлғасы куәландырған немесе нотариалды куәландырылған қол қою үлгісі бар құжат (соңғысы Клиенттің қалауы бойынша ұсынылады).
2.	Қол қою үлгісі бар құжатқа қол қою үлгілері қосылған тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттардың (жалғыз құрылтайшының шешімі, құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімдері, бұйрықтар және өзге құжаттар) көшірмелері
3.	Клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операцияларды жүргізу кезінде қол қою үлгісі бар құжатқа сәйкес төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлға (тұлғалардың) жеке тұлғасын куәландырушы құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.
Оқшауланған бөлімшелер (филиалдар мен өкілдіктер) 1-3 тармақтардағы құжаттарға қосымша келесілерді ұсынуы тиіс:	
4.	Қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларының өкілеттіктерін растайтын құжаттар (қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері үшін).
5.	Заңды тұлға филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхат көшірмесі (өзгеше ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін).
Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер 1-3 тармақтардағы құжаттарға қосымша келесілерді ұсынуы тиіс:	
6.	Бюджетке салық пен төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның шешімі.
Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі» Заңына сәйкес жоғарыда аталған құжаттарға қоса келесілерді ұсыну қажет:	
7.	Құрылтай құжаттары және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушыларының тізілімінен үзінді көшірме.
8.	Рұқсат/лицензия (Клиенттің қызметі лицензиялауға жататын болса немесе «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру процедурасы арқылы жүзеге асырылатын жағдайда).
9.	Атқарушы орган, заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландырушы құжаттардың көшірмелері.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғалар	
1.	Банктің уәкілетті тұлғасы куәландырған немесе нотариалды куәландырылған қол қою үлгісі бар құжат.
2.	Сауда тізілімінің немесе бейрезидент-заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, күні және тіркеу орны туралы ақпараты бар, қазақ және орыс тіліне аудармамен нотариалды расталған және қажет болған жағдайда апостильдірілген немесе заңдастырылған ұқсас сипаттағы басқа құжаттың үзінді көшірмесінің түпнұсқасы немесе көшірмесі.
3.	Қол қою үлгісі бар құжатқа қол қою үлгілері қосылған тұлғалардың өкілеттіктерін

	растайтын құжаттардың (жалғыз құрылтайшының шешімі, құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімдері, бұйрықтар және өзге құжаттар) көшірмелері.
4.	Клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операцияларды жүргізу кезінде қол қою үлгісі бар құжатқа сәйкес төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлға (тұлғалардың) жеке тұлғасын куәландырушы құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.
Оқшауланған бөлімшелер (филиалдар мен өкілдіктер) 1-4 тармақтардағы құжаттарға қосымша келесілерді ұсынуы тиіс:	
5.	Есепке алуды тіркеу фактісін растайтын заңды тұлға филиалын (өкілдігін) есепке алуды тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама.
6.	Тиісті филиал немесе өкілдік туралы мемлекеттік және (немесе) орыс тіліндегі ереже немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі.
7.	Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғаның филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.
Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі» Заңына сәйкес жоғарыда аталған құжаттарға қоса келесілерді ұсыну қажет:	
8.	Жеке дара атқарушы органды сайлау туралы құжаттар (жалғыз қатысушының шешімі немесе құрылтайшылардың (қатысушылардың, акционерлердің) жалпы жиналысының хаттамасы (хаттамадан үзінді көшірме).
9.	Рұқсат/лицензия (Клиенттің қызметі лицензиялауға жататын болса немесе «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына сәйкес рұқсат беру процедурасы арқылы жүзеге асырылатын жағдайда).
10.	Атқарушы орган, заңды тұлға өкілінің жеке тұлғасын куәландырушы құжаттар, көші-кон карточкасының көшірмесі (ЗТ өкілі жеке тұлғаны куәландырушы құжат ретінде шетелдік төлқұжатты ұсынған жағдайда). ¹
11.	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат

Жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар және шаруа (фермерлік) қожалықтары	
1.	Банктің уәкілетті тұлғасы куәландырған немесе нотариалды куәландырылған қол қою үлгісі бар құжат.
2.	Жеке тұлғаны куәландырушы құжат.
3.	Жеке нотариустар үшін – нотариалдық қызметпен айналысу құқығын беретін лицензия көшірмесі немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электронды лицензияның көшірмесін, нотариустың аумақтық нотариалдық палатаға мүше болуын растайтын тиісті аумақтық округтың аумақтық нотариалдық палатасының анықтамасы (нотариус депозитін ашқан кезде);
4.	Адвокаттар үшін – адвокаттық қызметпен айналысу құқығын беретін лицензия көшірмесі немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электронды лицензияның көшірмесі.
5.	Жеке сот орындаушылары үшін – атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығын беретін лицензия немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электронды лицензияның көшірмесі.
6.	Кәсіби медиаторлар үшін – Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткенін растайтын сертификат көшірмесі.

¹ Көші-кон карточкалары туралы мәліметтерді алу талабы Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) құрамына кіретін мемлекеттердің азаматтарын қамтымайды.

7.	Шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін - клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операцияларды жүргізу кезінде қол қою үлгісі бар құжатқа сәйкес төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлға (тұлғалардың) жеке тұлғасын куәландырушы құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.
	Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі» Заңына сәйкес жоғарыда аталған құжаттарға қоса келесілерді ұсыну қажет:
8.	Мемлекеттік тіркеуден өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/хабарламаны алу туралы талон/рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электронды тізілімінен үзінді көшірме
9.	ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте жеке кәсіпкерге лицензияланатын қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензия.

Таратылатын банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, олардың филиалдары, ерікті жинақтау зейнетақы қорлары

1.	Таратылатын қаржы ұйымының тарату комиссиясының қол қою үлгілері бар, Банктің уәкілетті өкілі куәландырған немесе нотариалды куәландырылған құжат.
2.	Клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операцияларды жүргізу кезінде қол қою үлгісі бар құжатқа сәйкес төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлға (тұлғалардың) жеке тұлғасын куәландырушы құжаттың (құжаттардың) көшірмесі
3.	Банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы акционерлердің жалпы жиналысының немесе сот шешімінің көшірмесі.
4.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тарату комиссиясын тағайындау туралы шешімінің көшірмесі.
5.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізу немесе сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензиясынан айыру туралы шешімнің көшірмесі.

Шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктер

1.	Банктің уәкілетті тұлғасы куәландырған немесе нотариалды куәландырылған қол қою үлгісі бар құжат.
2.	Дипломатиялық және консулдық өкілдікті тіркеуді растау туралы нота көшірмесі.
3.	Қол қою үлгісі және мөр таңбасы бар құжатқа қол қою үлгілері қосылған тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттардың (бұйрықтар және өзге құжаттар) көшірмелері.
4.	Клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операцияларды жүргізу кезінде қол қою үлгісі бар құжатқа сәйкес төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлға (тұлғалардың) жеке тұлғасын куәландырушы құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.